

АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМАСЫ

«Күншуақ» бөбекжай коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

Құрылған жылы: Балабақша 1969 жылғы қазан айынан бастап жұмыс істейді.

Ғимарат типтік. Балабақша 150 орынға арналған, қазіргі кезде 6 топ жұмыс істейді, ондағы балалар саны - 150

Мекен-жайы (заңды мекен-жайы): 111100, ҚР, Солтүстік-Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, Нұрмақ Жүнісов көшесі 18

e-mail: kunshuak.sad@mail.ru

Телефон, факс: 8-7154221-9-55; 22-8-94

Жұмыс істеу тәртібі: аптасына 5 күн; сағ.8.00 – 18.45

Құрылтайшы: «Уәлиханов ауданының әкімдігінің «Білім бөлімі» ММ

Мемлекеттік басқару органы: «Уәлиханов ауданы әкімдігінің білім бөлімі» ММ

Оқу- тәрбие жұмысы 6 топта мемлекеттік тілде.

Балалар саны: 150

Кадрлар құрамы:

Ерте жас тобы «Еркетай»

Меңгеруші-1

кіші топ «Балауса»

Әдіскер-1

ортаңғы топ «Балапан»

Тәрбиешілер-12

ортаңғы топ «Балдәурен»

Педагог-психолог-1

ересек топ «Балдырған»

ересек топ «Айгөлек»

Музыка жетекшісі-1

Дене шынықтыру нұсқаушысы -1

Мекеменің әкімшілік-басқару аппаратының құрамына кіреді:

Р.К.Муканова - «Күншуақ» б/бақшасының меңгерушісі

Н.Б.Абишева – әдіскер,

К.К.Садыкова – есепші,

Ш.М.Жанпеисова-медбике,

Л.Ф.Кажкенова – шаруашылық меңгерушісі.

«Білім туралы» Заңын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Типтік ережелерін, жергілікті және нормативтік актілерін басшылыққа ала отырып, «Күншуақ» балабақшасының Жарғысы негізінде әрекет ететін меңгеруші Р.К.Муканова мекеме қызметінің тікелей басшылығын, нормативтік-құқықтық құжаттарының жұмысы мен орындалуын бақылауды іске асырады.

Әдіскер Н.Б.Абишева лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес тәрбиелеу, оқыту, әдістемелік қызметін ұйымдастырады, педагогикалық ұжым қызметінің балалармен жұмысында пайдаланатын бағдарламаларының, жылдық жоспардың негізгі бағыттарының орындалуын жүзеге асырады.

Есепші К.К.Садыкова лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес, заңнамалық және нормативтік құжаттарын басшылыққа ала отырып, мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін ұйымдастыруды, материалдық және қаржы ресурстарын тиімді пайдалануын бақылауды жүзеге асырады.

Медбике лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес, нормативтік құжаттары мен медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша әдістемелік материалдарын басшылыққа алып, емдеу-алдын алу шараларын ұйымдастырады және өткізеді, балабақшадағы санитарлық-эпидемиологиялық тәртібінің сақталуы мен орындалуын бақылайды.

Шаруашылық меңгерушісі Л.Ф.Кажкенова лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес кіші қызмет көрсету құрамының жұмысын ұйымдастырады және бақылайды, мектепке дейінгі мекеменің ғимаратын, алаңының жағдайын бақылайды, қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз етеді, мекеменің өрт және лаңкестікке қарсы қауіпсіздігін қамсыздандыру бойынша жұмысын жүзеге асырады.

Жоспарлау

кезінде қолданылатын негізгі құжаттар

1. «Қазақстан Республикасының Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.07.2007ж. №319—III (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 27.08.2020ж.№361-VI);
2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 11.07.1997ж. №151 Қазақстан Республикасының Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 24.05.2018ж. №156-V)
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 08.06.2002 ж. №345-II Қазақстан Республикасының Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 07.07.2020ж.);
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы «Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №306 Заңы;
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы)
6. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.08.2022. №348, бұйрығымен бекітілген;
7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012ж. №557 бұйрығымен бекітілген (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 10.10.2018ж. №556); Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы. Білім және ғылым министрінің міндет атқарушының 09.09.2022ж. №394 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, 1-қосымша қазақ тілінде тәрбиелеу мен оқыту, 2-қосымша орыс тілінде тәрбиелеу мен оқыту;
8. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 ж. 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 06.03.2020 жылы [№ 90](#));
9. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 ж № 595 бұйрығы (1-қосымша), (18.05.2020ж. №207 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген);
10. «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы №217 бұйрығы;
11. Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезектілікті қалыптастыру мен оның қызметін және жолдамаларды беру процесін автоматтандыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы, ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 шілдедегі № 337 бұйрығы.
12. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 17.08.2017ж. №615 бұйрығы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 28.08.2020ж.);
13. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020-2021 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (15.06.2020 жылғы №7 хаттама).
14. «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 17 қазандағы № 530 бұйрығы;

15.«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы;

16. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы;

17. «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығы;

18. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың жаңа моделі» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қауылысы бойынша 15 наурыз 2021 №137 бұйрығы;

19. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 09 шілде 2021ж. бұйрық №59 ҚР ДСМ;

20. «Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен қлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі №234 қаулысы.

2021-2022ж.өткен іс шаралар есебі.

Тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейтін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес 2021-2022 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша жұмыс жүргізіліп жатты.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

МҚКҚ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі ережелерін» негізге ала отырып, Типтік оқу бағдарламасымен және вариативтік бағдарламалары бойынша жұмыс жасады.

Міне осы ретте біздің күннің шуағындай бар балаға жылуын мейірлене төккен «Күншуақ» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ұжымы да тынбай, үздіксіз еңбек етуде. Бүгінгі мекемедегі алты топ 140 одан 50 тәрбиеленуші түлектеріміз балабақша табалдырығын аттап шықты. Біздің тәрбиеленушілеріміз жан-жақты білім, тәрбие алуда. Білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі тәрбие ұйымы болғандықтан тәрбиешілерге мәдениетті, білімді, белсенді жеке тұлға тәрбиелеу міндеті жүктеледі. Қазіргі заман талабы бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіне жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді. Дұрыс тәрбие – балаға өмір бойы азық. Сол дұрыс тәрбиені ұйымдастыратын, жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беретін, басты тұлға – педагог. Бөбекжай бақшамызда 16 педагог аянбай қызмет етеді. Оның ішінде балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, 12-сі тәрбиеші, педагог - психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі және орыс тілі оқытушысы. Жоғары біліммен-6 педагог, арнайы орта-12 педагог. Біліктілігі жоғары санатты-3 тәрбиеші, педагог-зерттеуші-2 педагог, 1-санатты-2 тәрбиеші, 2-санатты-2 тәрбиеші, педагог-модератор-6 педагог, санатсыз-3 педагог. 2021 жылы Күз айыда әдіскер Абишева Н.Б. педагог-модератор санатына, Орыс тілі маманы Шаяхметова Р.Қ. педагог-модератор санатына, педагог-психолог Аринова Б.Ж. педагог-модератор, және тәрбиешілер Алдабаева Р.М. және Садвокасова М.М. педагог-зерттеуші санаттарын алды.

2021ж Асылхан Аяла Диплом І дәрежелі «Ұстаз-ұлы есім» атты республикалық байқау «онлайн»

2021ж. Ғабдылрахим Раяна Диплом І дәрежелі «Ұстаз-ұлы есім» атты республикалық байқау «онлайн»

ДИПЛОМ І дәрежелі «Көрікті көктем» атты республикалық онлайн байқауында сурет салу номинациясы бойынша Шаимова Айна

Қыркүйек 2021ж. «Эффективный менеджмент в управлении дошк организации» НИШ. Меңгеруші Р.К.Муканова

Маусым 2021ж. АО «национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» Петропавл қ. Обобщение опыта управления организацией образования на основе стратегического образовательного менеджмента и лидерства. меңгеруші Р.К.Муканова өтті.

Тәрбиешілер Гельманова Л.Х. Бимурзин А.С. Мухамеджарова Б.К. Алдабаева Р.М. Садвокасова М.М. 2022ж. ақпан айында СҚО Әкімдігінің Білім Саласындағы Әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» ҚММ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру шеңберінде инклюзивті білім беру» тақырыбында 72 сағ.курс өтіп шықты.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған мектеп жасына дейінгі балаларға арналған Республикалық ойындар фестивалінің «30 жасқа 30 ойын» атты облыстық байқауының кезеңіне Боранова Адия қатысып сертификатқа ие болды, дайындаған тәрбиеші Абишева Н.Б. сертификатқа иеленді. Damu Education қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «Көрікті көктем» атты республикалық онлайн байқауында ән номинациясы бойынша әнді нақышына келтіріп орындағаны үшін І дәрежелі Диплом Аблай Камила атанды. Осындай І дәрежелі Дипломмен сурет салу номинациясы бойынша кәсіби шеберлігін танытқаны үшін Амантаев Айсолтан иеленді. Дайындаған тәрбиеші Абишева Н.Б. Алғыс Хатпен мадақталды. КГУ «Центр методической работы и информационных технологий в сфере образования» ұйымдастыруымен облыстық конкурс Экологических проектов (стартапов) «Эколята-дошколята» посвященное 30-летию Независимости РК тәрбиеленуші Аблай Камила және воспитатель Абишева Н.Б. Сертификатқа иеленді. Туған жерге мың тағзым Республикалық балалар шығармашылық байқауына көркем сөз номинациясы бойынша тәрбиеленуші Жамаш Әлинұр І дәрежелі Дипломмен марапатталды. Дайындаған тәрбиеші Беккалиева А.К. Алғыс Хатпен марапатталды.

2021 жылы Диплом Аблай Рауан «Ұстаз-ұлы есім» атты республикалық байқауға қолөнер номинациясы бойынша жүлделі І орын иеленген үшін

2021 жылы Диплом Қамбарова Еркеназ «Ұстаз-ұлы есім» атты республикалық байқауға мәнерлеп оқу номинациясы бойынша жүлделі І орын иеленген үшін

2021 жылы Диплом Камбарова Еркеназ «Күз кереметі» атты республикалық байқауға қолөнер номинациясы бойынша жүлделі І орын иеленген үшін. Сертификат «Ана тілің-арың бұл» атты өлеңдер, ертегілер, әңгімелерді мәнерлеп оқу республикалық челленджінің аудандық кезеңіне қатысып «Өссе тілім, мен де бірге өсемін» номинациясына ие болған үшін : Жамаш Балжан, Дулатова Жасмина 2021ж. Диплом Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күніне орайластырылған «Ана тілің-арың бұл» республикалық челлендждің облыстық кезеңінің өлеңдерді, ертегілерді, әңгімелерді мәнерлеп оқу «Үздік жеке мәнерлеп оқу» номинациясына ие болған үшін : Жамаш Балжан Петропавл қ. 2021ж

Тәрбиеші Алдабаева Р.М. " ULY DALA USTAZY" халықаралық ғылыми-педагогикалық журналы ұйымдастырған " Қазақстан педагогтарының 2021-2022 оқу жылында жариялаған 100 үздік мақаласы" Нұр-сұлтан қ. 2022ж. Білім беру жүйесіндегі көп жылғы адал еңбегі және салалық кәсіподақ қозғалысын дамытуға қосқан зор үлесі үшін Нұр-Сұлтан қ Құрмет грамотасымен марапатталды.

2021ж. тәрбиеші Садвокасова М.М. «Ұстаз –ұлы есім» атты республикалық байқау дарынды шәкірт дайындаған үшін диплом Алматы қаласы

2021ж. Республикалық «Ziyatker» ғылыми әдістемелік және педагогикалық журналы «Алғыс хат» Нұр-Сұлтан қаласы. 2022ж. Құрмет грамотасы " және Сертификат Ұлы дала ұстазы" журналына үздік мақала жариялаған үшін марапатталды. Тәрбиеші Кажатова Ф.Н. А. Құнанбаев 175ж. республ. құрмет грамотасымен марапатталды. "Бала дарын" республикалық алғыс хатымен 2021ж. "Менің сүйікті тәрбиешім" обл. сертификат; Тәуелсіздік тұмарым" атты республикалық байқауға дарынды шәкірт

дайындағаны үшін алғыс хат, 2021ж."Жер жаһанды жаңартқан - Наурыз" "Кішкене көл таңы" газетіне мақала жариялады.

2021 ж.орыс тілі оқытушысы Шаяхметова Р.Қ. Damu Education"республ онлайн конкурсында Алғыс хатымен марапатталды және Алғыс хат облыстық конкурста «Сүйікті тәрбиешім».

Қыркүйек айында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліміз ана тілі күні қарсаңында «Ана тілім-дана тілім» апталық ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтті. педагогикалық кеңес ZOOM арқылы ұйымдастырылды.Тақырыбы:«Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

1.Педагогикалық кеңес 2021-2022 оқу жылына арналған МДҰ негізгі жұмыс бағыттары,жұмыс жоспарымен таныстыру, балабақшаның жұмысқа дайындығы.

2. Жазғы-сауықтыру мерзіміне жұмыс анализі.

3. 2021-2022 оқу жылына жылдық жұмыс жоспарын бекіту.

4. Сабақ кестесі мен жоспарларды бекіту.Топтардағы ағымдық құжаттарды бекіту.

Қазан айында «Спорттық үйірме күні» «Айгөлек», «Балдырған»ересек топтары, «Денсаулық -зор байлық» атты жарыс. «Балапан», «Балдәурен» ортаңғы топтары арасында дене шыңғырту нұсқаушысының ұйымдастыруымен өтті. «Берекелі,мерекелі Алтын күз!» ертеңгілігі

Табиғи материалдардан,жемістермен көкөністерден бұйымдар көрмесі: «Күз сыйы» «Балапан» ортаңғы тобы,«Балдәурен» ортаңғы тобы,«Балдырған» ересек тобы«Айгөлек» ересектер тобы жоғары деңгейде өткізді. Әдістемелік кеңес.Тақырыбы:Балабақшада жаңа технологияларды қолдану әрекеті. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» қарттар күніне сыйлықтар әзірленіп,үйлеріне жеткізілді. Сонымен қатар педагог-психолог «Баланың тілі саусақ ұшында» ата аналарға ақыл кеңес берді.

Қараша айында Месячник «Sport aktiviti» в рамках спортивно-массовых мероприятий посвященные 30-летию Независимости РК. «Айгөлек», «Балдырған»ересек топтары, дене шыңғырту нұсқаушысының ұйымдастыруымен өтті. №2 Пед кеңес.

«Балабақшаның білім беру нарығында алға ілгерлеу шарты ретінде имиджін жасау» тақырыбында өтті.Педагогтік этика кодексiнiң тұсау кесері.

Білім беру ұйымдары имидж критерийлерінің диагностикасы.

Ата аналармен жұмыс «Бақшамызда көңілді» жарнамалық буклетін, «Біздің балабақша» ата аналар коллажын шығару.Осы тақырыптар төңірегінде ойлар қозғалды. (МДҰ педагогтерінің дамытушылық ортасы туралы жарнамалық ролик,коллаждар,буклеттер,визит карточкаларын жасау) «Құм терапиясы-педагогтың креативтілігі мен шығармашылық әлеуетін дамыту әдісі» тренинг (4К)Шеберлік сынып Педагог-психолог Б.Ж.Аринованың ұйымдастыруымен өтті. Балабақшадағы заттық кеңістіктік орта бұрыштары әзірленді. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі Қатынас,Таным білім беру саласы бойынша.Бөлімі: Сөйлеуді дамыту.Бөлімі: Математика негіздері. Гельманова Л.Х. Алдабаева Р.М. Садвокасова М.М. «Шұбар тауықта қонақта» Қатынас білім беру саласы бойынша тәрбиешілер көрсетті. Әдістемелік кеңес

«Білім беру процесін жоспарлау барысында әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану» тақырыбы бойынша.Бөбекжай бақшада өтетін сайыстар туралы ережелерді қарастыру: дидактикалық құралдар "Ең үздік картотекалар", "Сюжеттік –рольдік ойындар", «Ең үздік партфолио», «Көктем аруы», «Үздік тәрбиеші».Барлық топтарда білім беру процесін жоспарлау «Тәлімгер мектебі» жұмысының барысымен таныстырылып өтті.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қозғалды.

«Елін сүйген Елбасы!» мерекелік ертеңгілік ересектер мен ортаңғы топтар арасында өтті. «Нан» шағын мұражайы «Қазақ тұлпары» шағын мұражайы ата налармен бірлескен жұмыс жасалды.

Желтоқсан айында жаңа педагогикалық идеялар мен технологиялармен,оқу тәрбие үдерісін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерімен танысу мақсатында «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуы» («Түрлі-түсті Марблс тастары»)әдістемесі бойынша) «Ойын балабақшадағы мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда сөйлеуді дамыту құралы ретінде» «Саусақ гимнастикасы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту құралы ретінде семинар-практикум өтізілді. «Өрттен сақтану» теориялық сабақ «Айгөлек» «Балдырған» ересектер топтары өткізді. «Тәуелсіздігімді жырлаймын» Тәуелсіздіктің 30-жылдығына орай ертеңгілік ұйымдастырылып өтті. .«Менің Отаным Қазақстан» 30 жылдығына орай сурет көрмесі,буклет,лепбук,переплет жасалды. «Қош келдің,Жаңа жыл!» Жаңа жылдық мерекемен 2021 жылды аяқтадық.

Қаңтар айында педагогикалық кеңес

Өрекет нәтижелілігін бағалау және түзету еңгізу үшін жасалған материалдарды сынақтан өткізу тақырыбы бойынша өтті.«Көңілді қыс» спорттық сайыс ересектер тобы арасында өтті. «Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру» тақырыбы бойынша әдістемелік кеңес өтті.

Ақпан айында «ТРИЗ- технологияны қолдану арқылы сыни ойлауды дамыту» 4К әдісі семинар пратикум өтті. Ашық психологиялық сабақ педагог-психолог Аринова Б.Ж. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі Білім беру саласы: Таным. Бөлімі:Жаратылыстану Тилевова Т.К. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі Білім беру саласы:Қатынас. Бөлімі:Орыс тілі. Шаяхметова Р.Қ. «Таным»білім беру саласы бойынша тәрбиеші Мухамеджарова Б.Қ.«Қауіпсіздік бұрышы» ұйымдастыру,заттық дамытушы орта бес білім беру саласы бойынша,дидактикалық ойындар топтамасын жинау.Вариативтік бөлімінің жұмысын,жоба жұмысын бақылау бойынша жұмыстар жүргізілді. Дене шынықтыру нұсқаушысы

А.С.Бимурзинның ұйымдастыруымен «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» спорттық сайыс өткізілді. Сонымен қатар ер балалардың бойындағы жақсы қасиеттерді, өнерді, білімді сыртқа шығару. Ата салтын насихаттай отырып, нағыз қазақ жігітінің бойындағы қасиеттерімен өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту. Өзара мәдениетті сөйлеуге баулу. Әдептілік пен сұлулыққа үйрету мақсатында «Жігіт Сұлтаны» балабақшаішілік сайыс ұйымдастырылып бас жүлдені Аблай Рауан ұтып алды. Сайыс бес білім беру саласы бойынша өткізілді.Сайыс 6 кезеңнен тұрды: 1.«Тегін білу тектілік» 2. «Жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар» 3.М.Мақатаевтың туған күніне орай ақынның өлең шумақтарын жаттау.4.Құрылыс материалдардан өз қиялынан автомат,машина құрастыру.5. «Экология» тақырыбында ата аналармен бірлесе отырып қол өнер дайындау. 6.Эксперименті зерттеу жұмыс педагогпен бірлесе отырып жасалды.

Наурыз айында аттестаттау комиссиясының отырысында Аудандық АҚ-ға тәрбиешілер Мухамеджарова Б.Қ. педагог-модератор санатына және Гельманова Л.Х.педагог-эксперт санатына құжаттары тапсырылды. «Менің сүйікті анам» фото,сурет көрмесі ұйымдастырыла отырып «Ана-өмір шуағы» атты ертеңгілік барлық топтарда ертеңгілік жоғары деңгейде өтіп шықты. Әдістемелік білестік жұмыс.«Дәстүрлі емес іс-шаралар арқылы балалардың танымдық қызығушылығын дамыту»Шеберлік класы «Бильбоке өз қолымен»Көрсетілім «Ерте жастығы сурет салудың дәстүрлі емес әдістері» өткізілді. «Бағдарлама мазмұның байыту,түзету еңгізу бойынша жұмыс жағдайы»тақырыбы бойынша дөңгелек үстел ретінде педагогикалық кеңес өтті. «Қош келдің,Өз Наурыз!» атты ертеңгілігі жоғары деңгейде өтті.

Сәуір айында қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру. Балалардың танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, шеберлігін дамыту.Көпшілік алдында өзін - өзі ұстай білуге, әдептілікке, мейірімділікке, сұлулыққа тәрбиелеу мақсатында өткен «Балабақша Аруы 2022» сайыс-байқауы өтіп Бас жүлдені «Балдәурен»ортаңғы тобының тәрбиеленушісі Жұмагелді Еркежан ұтып алды.Сайыс 5 кезеңнен тұрды: 1. «Мен қазақтың қызымын» таныстыру.2. Денсаулық саласы бойынша жарыс.3.Музыкалық өнер.4. «Қазақ ұлттық бас киім дефиле» 5. «Ас-адамның арқауы» салат әзірлеу. «Тиімдік тілдік орта» ойын алаңы барлық топтар арасында ұлттық ойындар байқауы өткізілді.Тәрбиеші Беккалиева А.К. ашық ұйымдастырылған оқу қызметін Математика негіздері бойынша «Жуан,жіңішке»тақырыбында өткізді.Және тәрбиеші Муханова Г.Ж. «Табиғатты қорғайық» тақырыбында АҰОҚ жоғары деңгейде өткізді. АҰОҚ «Денсаулық» білім беру саласы бойынша ,бөлімі:Дене шынықтыру Бимурзин А.С. өткізді. «Тиімдік тілдік орта» ойын алаңы дене шынықтыру нұсқаушысының ұйымдастыруымен барлық топтар арасында ұлттық ойындар байқауы өтті. «Ата-ана балаңыз мектепке дайын ба?» әдіскердің ақыл кеңесі ата аналарға таратылды.

Мамыр айында 1-Мамыр «Достығымыз жарасқан» атты ортаңғы мен ересектер арасында ертеңгіліктер өтті. 9 Мамыр Жеңіс күнің балаларға адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу мақсатында ортаңғы,ересектер топтар арасында тәрбие сағаттары өткізілді.

Бөбекжай –балабақшамыздың материалдық-техникалық базасы да толық қамтылған. Тәрбиешілер өз қолдарынан тәрбиеленушілер үшін оқу құралдарымен, сюжетті-рөлдік ойыншықтармен, спорттық атрибуттарымен қамтамасыз етті. Балабақша сайты ашылды.Музыка залы,метод.кабинет,психолог

кабинеттерімен жабдықталған. Жұмыскерлердің де жұмыс жасауына барлық жағдайлар қарастырылған. Балабақша бейнебақылау құралдарымен, интерактивті тақтамен, теледидармен, музыкалық құралдар, медициналық кабинет, сондай-ақ бөлме ауасын тазалайтын кварц қондырғылармен жабдықталған.

Бала-болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудағы педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Біздің балабақшамызда жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық технологиялардың элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу. Сонымен қатар Мемлекеттік білім беру бағдарламасына сай мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің жан-жақты «Гуманитарлық-эстетикалық дамуын» қамтамасыз ету, бағыты бойынша оқу-тәрбие жұмысын жүргіздік. Бес сала бойынша оқу тәрбие үрдісінің жылдар нәтижесі салыстырылуда. 2021-2022 оқу жылында ата-аналарымен бекітілген жоспарға сай жұмыс жүргізілді. Атап айтсақ, ата-анамен күнделікті тығыз қарым-қатынас, әңгімелесу, ата-анаға арналған кеңестер, көрнекі-насихат жұмыстар, жеке жұмыстар жүргізілді, сауалнамалар алынды.

Оқу жылы бойы ынтымақтастық ұстаным бойынша тәрбиеленушілердің отбасыларымен қарым-қатынас үзілмеді. Ата-аналар комитетінің арасынан жалпы балабақша ішілік Қамқоршылық кеңес құрамы сайланып көптеген жұмыстар жасалды. Жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары өткізіліп отырды. Ата-аналармен сауалнама, тестілеу жұмыстары онлайн түрінде жүргізілді. Ата-аналар түрлі байқауларға, сайыстарға қатысып жүлделі орындар алып, көрмелерге белсенді ат салысып орындарға ие болды.

Әр бастаған жұмыстың жемісі бар демекші, заманауи технологияларды күнделікті жұмысымызға енгізу барысында бүлдіршіндеріміз балабақша ішілік, аудан, республикалық білім сайыстарына қатысып биіктерден көрінуде. Биылғы жылдың өзі біздің бүлдіршіндеріміз үшін жемісті болды.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар, ұжымдық қарым-қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдері туралы түсініктерін қалыптастыру мақсатында балабақшамызда жыл басынан түрлі ертеңгіліктер, апталықтар өткізілуде.

-«1-қыркүйек – Білім күні», Сонымен қатар, тіл мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыру, тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, мақал мәтелдер арқылы дүниетанымын, ой өрісін дамыту, тілдің бала өміріндегі құдіретін таныта отырып, ұлттық рухты бойға сіңіру мақсатында

- «22-қыркүйек – Тілдер күніне» орай апталық.

-«Күзгі бейне» сурет көрмесі ұйымдастырылып барлық топтар белсенді қатысты;

-«Денсаулық күніне» орай балалардың денсаулықтарын, белсенділігін

нығайту, ептіліктерін, шапшандықтарын, күштіліктерін байқау, спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында екі топ арасында жарыстар өткізілді;

-«Берекелі, мерекелі – Алтын күз!» ертеңгілігі барлық топтарда өткізілді, күзгі сыйлықтардан арнайы бұрыш ұйымдастырылды;

- Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын басшылыққа ала отырып «Тарихи сананы жаңғырты»-Архив 2025 (Мектеп музейіне) ересектер мен ортаңғы топ тәрбиеленушілері саяхатқа барды;

- Салауатты өмір салтын насихаттау, дені сау ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Біз шыныққан баламыз» эстафеталық ойыны; өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа үлгі болу мақсатында таза ауада топтар арасында өткен «Жүзден жүйрік» спорттық сайысы;

- Тәуелсіз Қазақстанымызды танып білу, өз Отанын сүйіп, қастерлеуге, өз елінің патриоты болуға баулу мақсатында «Менің Отаным – Қазақстан» тәрбие сағаттары өткізілді.

«Адамның ерекше қасиеттері, ақыл-ой, сана-сезімі ішкі жан дүниесі – білімді ұстаздан қалыптасады» - деп қазақтың ұлы ақыны А.Құнанбаев атамыз айтып кеткендей тәрбиеші бала болмысына өзгеріс енгізуші, бағыт-бағдар беруші, ата-ананың сенімді көмекшісі екені сөзсіз.

Сондықтан да, балаға жан-жақты, толыққанды білім мен тәрбие беру үшін тәрбиеші-педагогтарымыз өз білімдерін үнемі жетілдіріп, шығармашылықтарын шыңдап отырулары тиіс.

Педагогикалық ұжыммен медбике барлық жас ерекшеліктеріне сай топтардағы өтілетін сауықтыру шараларына көп көңіл бөледі. Бұл шынықтыру шаралары: күндізгі ұйқыдан кейінгі ойын түріндегі сауықтыру шаралары, релаксациялық және тыныс алу жаттығулары, майтабанның алдын – алу жаттығулары, күннің жылы кезінде жалаң аяқ жүру, таза ауада жиі серуендеу, дәруменді шырындар

ішуде. Жаз мезгілінің жоспарына сәйкес әр айыда апталықтар ұйымдастырылып, барлық топтар өз жұмыстарын жүргізіп отырды. Ата Заң күніне орай «Ата заңым-Айбыным» аудандық білім бөлімінің тақырыбы бойынша мерекелік іс шара өтті.

Педагогтардың жұмыс өтілі

0-1ж	1-5ж	5-10ж	10-15ж	15-20ж	20-25ж	25-30ж	30-35ж	35-40ж
1	4	2	3	2	1	1	2	0

Педагог құрамының орташа жас мөлшері (жасы)

20-25ж	25-30ж	30-35ж	35-40ж	40-45ж	45-50ж	50-55ж	55-60ж
1	2	5	3		2	3	1

Педагогтардың біліктілік санаты:

Біліктілік санаты жоғары тәрбиешілердің саны-2

Бірінші біліктілік санатты тәрбиешілердің саны-2

Екінші біліктілік санатты тәрбиешілердің саны-2,

Жаңа форматағы педагогтар саны :

3 санатты -1

Педагог-модератор-4

педагог исследователь -2

Біліктілік санаты жоқ тәрбиешілердің саны-5.

Педагогикалық кадрларды орналастыру

Топтар	Балалардың жасы	Қарастырылған балалар саны	2022-2023 оқу жылында МББҰ баратын балалар саны	Кадрларды орналастыру
«Еркетай» ерте жас тобы	1-2	19	19	Тәрбиешілер: Алдабаева Р.М. Муханова Г.Ж. Тәрбиешінің көмекшісі:
«Балауса» кіші топ	2-3	23	22	Тәрбиешілер: Гельманова Л.Х. Кажатова Ф.Н. Тәрбиешінің көмекшісі: Мажитова И.Р.
«Балапан» ортаңғы тобы	3-4	27	26	Тәрбиешілер: Нурмагамбетова Б.С Мухамеджарова Б.К. Тәрбиешінің көмекшісі: Ережепова Г.М.

«Балдәурен» ортаңғы тобы	3-4	27	27	Тәрбиешілер: Темирханова А.Ж. Садвокасова М.М. Тәрбиешінің көмекшісі: Омарова М.А.
«Балдырған» ересек тобы	4-5	27	26	Тәрбиешілер: Абишева Н.Б. Беккалиева А.К. Тәрбиешінің көмекшісі: Абулхайрова Л.Е.
«Айгөлек» ересек тобы	4-5	27	27	Тәрбиешілер: Омирзакова Т.З. Кабипова Д.К. Тәрбиешінің көмекшісі: Садвакасова Ж.А.

№	Аты-жөні	туған жылы	білімі	Диплом бойынша мамандығы	Қай оқу орнын бітірді, жылы	лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Жүктемесі	Нақты атқарып отырған лауазымы бойынша өтілі	санаты
1	Муканова Рошатай Канашовна	14.12. 1967	арнайы орта	Бастауыш сынып мұғалімі тәрбиеші	"Көкше" академия жанындағы колледж 2011 ж. М.Жұмабаев ат.ПМК жанындағы қайта даярлау курсы 2014ж.	балабақша меңгерушісі	19 жыл	1,25	3жыл	3-санатты 2022 ж.берілді
2	Абишева Нургуль Багдатовна	14.01. 1983	Арнайы орта	Бастауыш сынып мұғалімі . Тәрбиеші	Степногорск қаласының Г Т колледж 2003ж. М.Жумабаев атындағы қайта даярлау курсы 2011 ж	әдіскер	19ж	0,375	4 жыл	педагог-модерат 2021ж берілді
3	Абишева Нургуль Багдатовна	14.01. 1983	Арнайы орта	Бастауыш сынып мұғалімі . Тәрбиеші	Степногорск қаласының Г Т Колледж 2003 М.Жумабаев атындағы қайта даярлау курсы 2011 ж	Тәрбиеші	19ж	1.125	17жыл 10 ай	жоғары-санатты 2020ж. берілді
4	Алдабаева Рысты Мубараковна	27.02. 1968	арнайы орта	Бастауыш сынып мұғалімі ұзартылған топ тәрбиешісі	Щучье пед.училище 1988	тәрбиеші	34жыл	1.125	34жыл	педагог-зерттеуші 2021ж.
5	Омирзакова Тоты Зеннатовна	19.02.1972.	арнайы орта	тәрбиеші	Щучье педколледжі 1994 ж.	тәрбиеші	33,6 жыл	1,125	32жыл	жоғары санатты 2019ж.

										берілді
6	Садвокасов а Макпал Муслуманбековна	23.10.1974	жоғары	бастауыш сынып мұғалімі	Гумилев атындағы Евразиялық университет 2007	тәрбиеші	19жыл	1,125	17 жыл 6 ай	педагог- зерттеуші 2021ж
7	Гельманова Лаззат Химашевна	27.07.1967	Арнайы орта	Тәрбиеші	Щучье пед.колледж 1985	тәрбиеші	27	1,125	26жыл 8 ай	I- санатты 2017ж расталды
8	Нурмагамбетова Багдат Самигуловна	12.05.1962	жоғары	Мектепке дейінгі мекемелерде оқу- тәрбие жұмысын ұйымдастыру	Көкше академия 2012 ж. СК ИПК и ППК 2009 ж."Мектепке дейінгі мекемелерде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру"	тәрбиеші	30ж	1,125	30ж	жоқ
9	Кабипова Данагуль Казбековна	27.01.1983.	жоғары	мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	А.Мырзахметов атындағы университет 2019	тәрбиеші	7	1,125	6жыл 10 ай	II санатты 2018ж.берілді
10	Темирханова Асель Жолдаспаевна	07.04.1986	жоғары	мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Ш.Уәлиханов ат.Көкшетау мемлекеттік университеті 2018 ж .М.Жұмабаев ат. колледж қайта даярлау курсы 2014ж.	тәрбиеші	9ж	1,125	8ж	жоқ
11	Мухамеджарова Баглан Корганбековна д/д	11.01.1987	Арнайы орта	Қазақ тілі, әдебиет мұғалімі. Тәрбиеші	Ж.Мусин атындағы каз пед,колледж 2012. Қайта даярлау курсы 2014.	тәрбиеші	11жыл	1,125	11жы	II санатты 2018ж берілді
12	Муханова Гульназ Жаслановна	10.04.1990.	жоғары	мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	А.Мырзахметов атындағы Кокшетау университеті 2020ж.	тәрбиеші	13 ж	1,25	12жыл 10ай	I санатты 2020ж берілді

13	Кажатова Фариза Нигматовна	23.07. 1993.	арнай орта	мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	М.Жумабаев атындағы Петропавл гуманитарл ық колледж 2013ж.	тәрбиеш і	9жы л	1,25	8,2жы л.	педагог- модерат ор 2021ж.
14	Шаяхметов а Рауза Қанатқызы	11.09. 1995.	арнай орта	қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі. Мектеке дейінгі ұйымыны ң тәрбиешіс і	Ж.Мусин ат.пед.колле дж 2015ж. ТОО «Нұр Ал- Астана» полный курс переподгото вки по специальнос ти «Дошкольно е воспитание и обучение» 2018ж.	педагог- психоло г	7 ж	1	0	жоқ
15	Жумажанов Абай Сайлаубеко вич	05.12. 1991.	жоғар ы	Музыка жетекшісі	М.Қозыбаев ат.Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университет	Музыка жетекшіс і	6жы л	0,5	6жыл	педагог- модерат ор 2021ж.
16	Бимурзин Айдар Саматович	20.07. 2000ж	арнай ы орта	дене шынықты ру нұсқаушы сы	Ж.Мусин ат. жоғары қазақ пед.колледж	дене шынықт ыру нұсқауш ысы	1ж	1	1ж	жоқ
17	Беккалиева Айгуль Кабиденов на	08.03. 1970ж.	арнай ы орта	мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Ж.Мусин ат. Педагогика колледжі 2021ж.	тәрбиеш і	1ж	1,12 5	1ж	жоқ

Педагогикалық үдеріске кешенді тұрғыдан келуді қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелері мен тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерін жалпылай келе, негізгі мақсат-міндеттерге дауыс берді

I. МКҚК «Күншуақ» бөбекжай бақшасының 2022-2023 оқу жылының мақсат-міндеттері

Міндеттер: Мектеп жасына дейінгі балаларға тәлім-тәрбие мен білім беру ісін жақсарту. Денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту. Инновациялық технологиялар арқылы тілдік қызметті дамыту нысандар мен әдістерді жетілдіру.

Мемлекеттік білім беру бағдарламасына сай мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің жан-жақты гуманитарлық-эстетикалық дамуын қамтамасыз ету.

Мақсаты: Тілдік қызмет білімдерінің, машықтарының, дағдыларының жеткілікті деңгейінің қалыптасуы. Дамытушы жұмыс ортасын құру, жаңа технологияларды қолдану. Халық

шығармашылығы (ертегілер, жұмбақтар, мақалдар, әндер) арқылы балалардың адамдарға, табиғатқа деген ерекше көз қарастарын тәрбиелеу барысында педагогтардың білімін жетілдіру.

МКҚК «Күншуақ» бөбекжай бақшасының 2022-2023 оқу жылының бағыты

Гуманитарлық-эстетикалық бағыт бойынша дамыту

